

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

МҒТАР 821.512.122

Ш.Е. Ауелбекова

С.Демирел университеті, Қаскелең қ. 040900, Қазақстан Республикасы

ШАУҒАН ОЙЫНЫ-ҚАҒАРМАНДЫҚ ДӘСТҮР МҰРАСЫ

Мақалада «Поло» ат спорты ойынының прототипі саналатын шауған ойының тарихи дамуына қатысты деректер келтіріледі. «Шауған» ойынының түркі халықтары мәдениетіндегі маңызды рөлі болғандығы ортақ тарихи, әдеби, жазба деректердегі мәліметтер арқылы дәлелденеді. «Шауған», «чөген», «чевган» атауларының тарихи жазба, әдеби мәтіндердегі қолданысына қатысты деректер келтіріледі.

Мақалада түркілердің көне дәуірден бері қаһармандық дәстүр мұрасы саналатын «Шауғанның» батыста «Поло» атауымен танымал ат спорты ойынының тарихи прототипі екендігін түркі халықтарына ортақ маңызды бастау деректерді келтіру арқылы дәлелдеп, бүгінгі күнімізде де жандандырылуы керектігі пікірі ортаға қойылады.

Кілт сөздер: шауған, чевган, поло, прототип, түркі халықтары.

КІРІСПЕ

«Шауған» деп аталған ойынының көне дәуірден бері ат үстінде өмір сүрген түркі халықтары мәдениетінде маңызды рөлі болды. Тарих бойынша көптеген жаугершілік кезеңдерді бастан өткізген, қаһарман түркілер бейбіт кезеңдерде де, үнемі жаттығулар жасап сарбаздарды соғыс өнеріне дайындап отыруды күн тәртібінен түсірмеді. Бейбіт кезеңдерде сарбаздарды соғыс өнеріне шыңдап, қару-жарақ қолдану шеберлігін үйрету қызметін ат үстіндегі ойындар атқарды. Ат үстінде, қару-жарақты қолдана білу, қым-қиғаш қиын сәттерде аттың қимылын да басқара білу шеберлігіне баулуда көп пайдасы тиген ат спорты түрінің бірі – шауған ойыны еді. Бүгінде түркі тайпаларында тарихтың ерте кезеңдерінде шауған деп аталатын ойын түрі кең танымал болғаны жөнінде тарихи, әдеби жазба деректерден оқып білеміз. Кейінгі дәуірлерде халықтың өмір сүру тәрізінің өзгеруіне байланысты атпен ойналатын шауған ойыны біртіндеп ұмытылып, ол туралы мәліметтер тек жазба деректерде ғана қалды. «Шауған» ойыны жайлы деректерді түркі халықтарының көне тарихи жазба ескерткіштерінде, аңыз-әңгімелерінде, әдеби мәтіндерінде кездестіреміз. Жазба деректерде шауған ойыны 841 жылы Енисей жағалауларында, одан кейінгісі 946 жылы Ыстықкөлжағасын жайлаған түркі тайпаларында ойнағандығын баяндайтын мәліметтер сақталған [1, 479]. Батыс түркілерінде шауған ойыны сарай ақсүйектері ойнайтын ойын болса, шығыс түркілерінде қарапайым халық арасында да кең танымал ойын еді. 1820 жылдан кейін Түркияда «Поло» ойыны жөнінде жазбаша мәлімет кездеспейді. 1903-1912 жылдарда Стамбул Бүйүкдере жақтарында ағылшындардың шауған ойнағаны жайында айтылады. Ағылшын әскерлері бұл ойынды үндістанның солүстік жағында өмір сүретін жергілікті халықтардан үйренеді және тиветшеден «доп» мағынасына келетін «поло» сөзімен атайды [2, 203].

1972 жылы Фрунзеде, ол кезде Бішкек қаласы осылай аталатын, «чевкен» «кел-кет» немесе «пулу» деп аталған ойын ойналғаны туралы дерек бар. Бүгінде прототипі «Шауған» саналатын «Поло» батыс жұртшылығында дәулетті адамдар ойнайтын ат спортына айналып отыр [1, 479].

«Поло» ойынының пайда болуы және әлемге таралуы жөнінде әртүрлі көзқарастар бар. Түркия ғалымдары «Поло» ойынының пайда болуы мен оның прототипі «чауган» туралы және бұл ойын түркілердің дәстүрлі ойыны болғаны жөнінде айтылмай, әлі күнге дейін кейбір тарихи деректердің ескерілмей келе жатқаны туралы дабыл қағады. Өз еңбектерінде түркі халықтарының тарихтағы рөлі мен олардағы мыңдаған ғасырлық жылқы мәдениетімен байланысты шыққан көптеген ат спорт ойындарын, олардың кейбіреуінің «Полоға» ұқсас болуын ескермейтін, тіпті жоққа шығарғысы келетін көзқарастарды атап көрсетеді. Осындай бір жақты, қасаң пікірлер Түркия және түркі әлемі ғалымдарын «шауған» ойыны жайлы кең көлемді, жан-жақты зерттеулер жасауға итермеледі [1, 479-492].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркі халықтарында қазақша «шауған» деп аталатын ойынның тарихи жазба деректерде, әдеби мәтіндерде, сөздіктерде, ғылыми зерттеу еңбектерде әртүрлі дыбыстық варианттары кездеседі. Шауған ойыны көркем образ, символ ретінде классикалық шығыс ақындарының мәтіндерінде және көне дәуір миниатюра өнерінде біршама бейнеленген [3, 214].

Түркі халықтарында парсышадан «чубикан», «чуйган», «чулган», «чавлаган», «чевган» деген сөздер арқылы енген, арабтар «сауэлжан», гректер «цинконион», қытайлар «ру-ло», жапондар «ки-ю» деп атаған қазіргі «Поло» ойыны атауының прототипі болған «шауған» ойын үшін арнап жасалған ұшы иілген ағаш таяққа берілген атау ретінде, әр түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «чөген», «чәуген», «чөуен», «шауған» деп аталады [1, 479-492]. «Шауған» шығыс түркі халықтарында «чеукен», «чөген», «чөуен», «чеуген», Түркия түріктерінің селжук және османлы кезеңіндегі жазба мәтіндерінде «чәуган», «чөген» деген атаулар кездеседі. «Чөген» және «чеуганын» этимологиясы бір, түркілер Полоны «ию, бүгу» етістігінен келген «чеуган» ойнайтын таяққа берілген атаумен атаған. Девелиоғлуның османлыжа-түркше энциклопедиялық сөздігінде «чеуган-ұшы иілген таяқ» деген анықтама берілген [4, 158]. Б. Өгел Түрік мәдениет тарихына кіріспе еңбегінде «чеукан» [5, 8], Мустафа Уғырлы зерттеген мәмлүк-қыпшақ дәуіріне тән соғыс өнеріне үйрететін «Мүниәтүл-ғузат» қолжазбасында «чөген» [6, 73-75] атауы кездеседі.

М. Қашқаридың «Диуани-лұғат ит – түрк» сөздігінде «чеуген», «чөген» деп кездеседі. «чөген-допты іліп-тарту үшін ұшы қисық таяқ, чевген» деген түсініктеме берілген. «...ол аның бірле чөген урды үмлешу- о онунла шалварыны ортаиа коиарак чеуган ойнады [7, 187]. «Ол манга чөген егишиди-ол маган чеуген иуде жәрдем етті» [7, 223]. «Ол чөген егеурді-ол чеуген егвирді. Ол шөген идірді» [7, 402]. Қашқари сөздігінде «телас» деген сөзге түсініктеме бергенде ат жарысында, доп ойынында (чеуген) алаңның айналасына тартылған «жіп» деген түсініктеме бар және «топық» ұғымын түсіндіргенде «чеугенмен ұратын доп, топач» деген түсініктеме берілген [7, 366-380].

Құтадғу Білігте «чөген» деп аталып, мынадай жолдар жазылған: «чөгенке кед ерсе атар ерсе оқ. Ийме куичы авчы ажунда озук [8, 276].

Парсы шайыры Фирдаусидің «Шахнамасында» б.з. б. 600 жылдарында ойналған деп есептелетін бір ойын баяндалады. Бұл – Туран билеушісі Абрасиабтың Герсиюзды Сияуыштың жанына жібергені және олардың бірге шауған ойнағаны жөнінде суреттелген оқиға. Бұл ойында түрікмендер парсыларды, ирандықтарды жеңгендері туралы баяндалады. Туркология ғалымдары осы ойынның алғашқы Поло матчы екендігін айтады [1, 479-492].

Түрік әдебиет тарихшысы Фуад Көпрүлү «Әдебиет зерттеулері» атты түрік әдебиет тарихында аса маңызды орны бар еңбегінің «Қайықчы Кул Мустафа және Генч Осман хикаясы туралы жаңа деректер» бөлімінде Генч Осман туралы төрт жол өлең жолдарында былай деп жазылғаны туралы дерек келтіреді: «... (қыта II)-де Генч Османның қолында **чеукан** бар болғаны, бауырларынан және немере бауырлары туралы айтылғаны байқалады».

Генч Османын елиндедир чөгені

Икиси кардеши, бири иегени

Атлады гешти хендеги Генч Осман (9, 314).

«Шауған» ойыны атауы әртүрлі болғанымен, ойын ережесі, тарихы, сипаты түркі халықтары ойнаған ат спорты ойыны «шауған» бәріне ортақ, ойынның негізі ат үстінде, атпен бірге қимыл әрекеттерді басқара білу шеберлігін меңгеруге негізделген [1, 479]. Полонның алғашқы нұсқасының Орта Азия, Қытай, Жапония, Тибет, Үндістан, Византия, және Мысырда ойналғаны жөнінде тарихи жазба деректер бар. Визанс императоры II Теодосиус сарайының алдында поло алаңын жасатқаны, ойнағаны жөнінде дерек бар. Алғашында «Поло» Еуропаға XI ғасырда барса да, кең танымал болып кете алмады. 19 ғасырда ғана ағылшындар Үндістаннан алып барғаннан кейін, Еуропа мен Америкада да танымал бола бастады.

Полонның әлемдегі ең көне ат үстінде ойналатын спорт түрі екендігі және Азиядан шыққандығы жайлы пікірдікөпшілік ғалымдар мойындайды. Түп-тамыры түркі-монғол халықтарынан шыққандығы жөнінде кейбір деректерде айтылса да, көпшілік жағдайда шауған ойынының шығуындағы түркі халықтарының рөлін көзге ілгісі келмейтін еңбектердің жазылғаны да шындық. Батыста «Полон» б.з. б. түрікмендер ойнаған деп айтылып, жазылса да, көпшілік жағдайда түркі халықтары ойнағаны жөнінде деректер келтірмейді. Көне түркілерде ат спорты ойындарының маңызы зор еді. Ат үстіндегі ойындар арқылы сарбаздар соғыс өнерін үйренетін, ат үстінде қару-жарақ қолдану және әртүрлі қимыл әрекетті дамыту шеберлігіне жаттығатын [10, 84-114].

Шөгеннің түркілердің мәдениет, өнер тарихы, әдеби жазба еңбектерінде көп кездесуі түркі халықтарының тарихында маңызды рөлін көрсетуге жеткілікті. Низами Ганжауи (1126-1200) шығармасында шөген ойынында түркі әйелінің еркектермен бірге шебер ойнағаны туралы айтады. Бүлкөне түркі тайпаларында әйелдің қоғамда маңызды рөлге ие болғандығын көрсететін дерек болып табылады [11, 64-65].

Түрік ғалымы Мехмет Түркмен шөгеннің түркі халықтары мәдениетіндегі тарихи рөлі жайлы «Кешеден бүгінге түркі халықтарында чевген, чөген, поло ойынына жалпы көзқарас» атты мақаласында VII ғасырда Ферғана жақта Талас, Нарын бойындағы түркі тайпалары ойнаған, ал XIV-XVII ғасырда Бұхара Самарқанд Ташкент жақта ойналғаны жайлы мәліметтер келтіреді. Сондай-ақ шамамен б.з.б. 707 жылы Полонның Қытайға апарылғанын, қытай императоры Хуан-дзунгтың Поло ойнағаны және осы үшін асыл тұқымды жылқыларды жібекке аустырып әкелгені, Шөген ойыны үшін үлкен-үлкен алаңдар жасатқаны және Қытайда бұл ойынның таралуына себеп болған уйғыр түріктері болғаны жайлы мәлімет келтіреді. Соңғы 20-30 жыл шығыс түркі халықтарында да дәстүрлі Шауған және қазіргі Поло ойыны ойналғаны жөнінде мәлімет кездеспейді. Шөген ойыны ең соңғы рет Қырғызстанның Фрунзе-Бішкекте 1972 жылында ойналғаны жайлы ойынның суреті сақталған. Чеуген атымен аталған ойынды Кавказдағы түркі тайпалары арасында танымал болған. Пакистанның солтүстік шығысы және Ауғанстанның оңтүстік жағында «гилгит» деген атпен танымал ойын ойналған. Пакистанда 1920 жылынан бері «гилгит» спорт ойыны батыс Еуропа және Американың «Palm beach» ойыны саналады [1, 479].

Түрік ғалымы Ерсан Мехмет, «Түркия селжүктерінде мемлекет басындағылардың ойын-той тіршілігі» деген мақаласында Түркия түріктері ат үстінде ұшы иілген ағашпен ойнаған ат спорты-«чевганды» көне заманнан бері ойнап келе жатқандығы туралы жазады. Мақаласында сарай ақсүйектердің «чевган» ойнағаны; шауған ойынымен сасанилар кезеңінен бері таныс болғаны және Аладдин Кейкубадтың ойнағаны жөнінде жазба деректер келтіреді.

Сұлтан Мелишшах 1087 жылы Бағдатқа барып «чевган» ойнағаны туралы мәліметтер келтіреді [12, 73-75].

Мәмлүк-қыпшақ кезеңіне тән соғыс өнері жайында жазылып, 1446/7 жылдары көшірілген, «Мүниәтүл-ғузат» деп аталатын қолжазбаның бір бөлімі «доп ұру» деп аталған, осы бөлімде шауған ойыны туралы кең мағлұмат берілген. Қолжазбаның 115 парақтан тұратын нұсқасы Түркияда Топкапы сарай мұражайында сақтаулы тұр. Қазақшада

«Ардагерлердің мұраты» мағынасына келетін «Мүниәтул-ғузат» атты қолжазба әскери қару-жарақты қолданып, сарбаздарды соғыс өнеріне баулу үшін ат үстінде жаттығулар жасауға үйрететін нұсқаулық сипатында жазылған еңбек. Түпнұсқасы арабша жазылып, кейіннен қыпшақшаға аударылған [6, 73-75]. Қолжазбаның жазылудағы мақсаты жайлы мынадай жолдар бар: *«түркі тілінше тәржіма қылып, «Мүниәтул-ғузат» деп ат берді, күші жеткенше көрікті тізіп беріп алты өнер үстінде жазу қылды»*. *«Қандай да біреу бұл өнерлерді жақсы біліп қажет уақытында әрекет жасай алса әлемде дүние ішінде теңдессіз болады, міне осындай өсиет сол болады»* [13, 6-7]. Мүниәтул-ғузат алты бөлімнен тұрады. Олар: атқа міну, сүңгі ұстау, қылыш, қалқан, оқ ату өнері, доп ұру. Алтыншы бөлімде «Шауған» ойыны жайлы кең түрде баяндалады. Қазақша сөзбе-сөз аудармасы: *«Бұл ойында қарсы атпен тоғысып қалудан, шауған көзге, не бетке тиюден сақтан; бұл ойында бұл істерден қауіп болады, сақтан. Бұл бөлім алаңда доп ұруды баяндайды. Шауғанмен алаңда доп ұруда төрт пайда болады. Әуелгісі, сол ол білінген болады, барша халайықтар онымен амал қылар, ол допты тұп-тура ұру керек, оң жаныңда аттың оң жақ бетінен өткізіп, бірісі допты сол жанынан тұп-тура ұру керек, сауырынан, құйрығынан өткізе, бірісі допты сол жанынан тұп-тура ұру керек. Аттың сол жақ бетінен өткізе, бірі допты сол жанынан қайтара ұру керек. Сауырынан құйрығынан өткізсе, бұл ұрулардан басқа көп ұрулар бар болады, санап тауыса алмайсың. Аттың төрт аяғының астынан, қарны астынан, тұяқтары астынан, бұлардан өзге де көп есептей алмайсы, бірақ біз кейбіреуін айтып бердік, кейбіреуін іздеген табар, иншаллаһу тағала, бірақ әуелгі түрде де жақсы доп ұру ол деген сол – допты шауғанмен ұрып тұп-тура айналдырып, сол қолы жағынан келтірсін, екінші түрде жақсы ол болады – шауғанды артқа сала алу деген, ұзатып аттың оң құлағы жағынан өткізіп, құлағына тигізбеу, үшінші түр ол деген – шауғанмен допты сол жағынан ілгерісіне қолын созып қоя берсін, қолының қайтып барған жері оң жаны жағы болсын арқасынан, төртінші түрде, ол деген сол жанынан допты шауғанмен қайтара ұрсын, қолын сала беріп аттың сауырынан, құйрығынан өткізу керек. Бұл төрт түрде сол тұжырым қылдық доп ұруда қолының шыққан бір жері шауған бірге басының үстінен болсын, егер кім айналып келетін жері тар болса, яғни зақым келетіндей болса, немесе қорықса, ол зақым қылғандарда шауған тиген деп немесе ат ол жерден тез өтіп кетсін немесе доп бір жерде тұссе қатты ұру мүмкін болмағанда, мұндай жерлерде басының үстінен ұр, яғни үнемі басың үстінен ұру керек болсаң, егер бұл жерлерде мұндай қылмаса, бұл олай болса, бұл кісінің жаман ұрмасынан болған, допты сүртіп ұрғанда үнемі үзеңгінің иа тартпаның жанынан бірге жүрер болса, ұруды екі кез үш кез қылғын, аттың сауырынан құйрығынан ол төрт түрде төртеуінде мұндай қылған бұл ұрушыға екілі және үшті дейді, егер бұл жол ұрып ұра алмаса атының қатты жүгіруінен болған немесе допты алаңның басқа жанына түсуінен болған, оны бұл сипаттағандай ұруға шара таппаса, олай болса, ол уақытта неге сол мүмкіндігі болса солай ұрсын, ердің шықпасын, ерден шықпау атты сарбаз алдында үлкен кемшілік болады.*

Бұл бөлім қандай аттар доп ұруға жарайды сол туралы баяндайды, оның үстіне доп ойналуы керек ат қалың болсын, тыныс алуы жақсы болсын, сенімді болғай, яғни аяқтары тура болсын, жүгіруі жұмсақ болсын, қайтқысы келгенде тез қайытсын, басын тартқан жерде тура барсын, бұл сипатты аттар доп ұруға жарайды.

Бұл бөлім шауған мөлшерін баяндайды шауған мөлшері оның үстіне ұстаздарының пікірлері жиналып тұрады керек, кім ұрған кісінң сабы он тоғыз сап болғай, егер бұдан артық болса, қолына оңай болмағай, қысқасының өлшемі он жеті сап керек, кім болғай иесінің сапы мен егер мұнан кем болса ұрған кісі иілуге мұхтаж болып қалады, қашан иілсе керектіердің шықғай, ол кемшілік болады, егер топ сенен біраз ғана жырақ болса ол мұндай болады. басқа жерінде иілу отырмау, ердің топ ұрғанда шығу, бұлар барша қатты кемшілік болады, бірақ қолын ұзату, белін ию шауғанмен бірге ердің шығармағын отыратын жерін ол кемшілік емес, егер ерден шығарса кемшілік болады бірақ шауған неше ұзын болса мықты болады, өте ұзын болмаса ол мөлшер кім доптан сені кедергі келтіреді, шауғанның ауыры керек елу бес мысқал болғай, егер мұндай ауыр болса, ауыр қылып доп

ұрмақтыққа оңай болмас, егер иесі одан күшті болғай, бірақ жеңіл керек, кім қырық мысқал болғай, егер мұнан кем болса қолыңда дірілдесе ұра алмайсың, егер кім иесі күшсіз болғай, бірақ ауыр мен жеңіл ортасында не өлшемде жеңіл кім иесіне қолайлы келсе, ондай қылғай ұзындықта қысқалықта аттың иесінің ұзындығына тән болады, не өлшемде ұзын болса, ол өлшемде ұзын болса, ол өлшемде қылсын. Бірақ атын дайындаған кісі, саған оны айттық, ілімің болуы үшін, міне солай.

Бұл бөлім алаңдардың өлшемдерін баяндайды бірақ жақсысы сол болады, кім өлшемі орта болса, ұзыны мың аришын болса, ені сол өлшемде болса, ол алаң артықта ноқсанда бұған жақын болғай, ол жақсы алаң болады, керек кім жері түп- түз болғай, бұл бөлім допты неше кісімен бірге ойнау жақсы болады, соны баяндайды, доп ойнаудың жақсысы он кісі болады. яғни азы керек, он кісі болса, егер мұнан көп болса құпталады, ол үшін кім бұл екі бөліктің оның артынан қорғасын, егер ол қата қылса, ол оған қорған болсын қалған кісілер орта жерде ойнасын, олай болса бұлар бес кісі болғай, ол бөлек бір кісі болсын, мұнан артық болса қайырмас, егер атын дайындаған кісі болмас, міне солай [13, 188-192].

Шауған ойыны жайлы Түркия түріктерінде әдеби мәтіндерде көп кездеседі. Түрік әдебиеті тарихының басты дереккөз саналатын еңбектерінің бірі Евлия Челевидің «Саяхатнаме» шығармасы. Осы «саяхатнамеде» шауған ойынының Битлис жақтарында ойналғаны туралы және ойынның қалай ойналатыны сипатталып жазылған. Ойын ойналатын алаңның екі жағына қатты тастан баған қойылатынын, екі жағында аттылардың қолдарында қызылжық ағаштан иіліп жасалған таяқ ұстап дайын тұратынын, ортаға адам басындай ағаштан жасалған доп тасталатынын, екі жақта тұрғандардан біреуі шауып келіп допты өз жақтарына апаруға тырысатындары туралы жазады. Кейде допқа ұрғанда тимейтіні, кейде допқа ұрғанда доптың быт-шыты шығатыны, ойында ең қауіптісі шауғанның аттардың аяқтарына тиюі және ойын қызғанда, адамдардың бір-біріне шауғанмен ұрғыштап кететіндіктері туралы да айтып өтеді.

Түрік классикалық әдебиетіндегі «Ислами мәснәуи» деген еңбектен көне Анадолу әдебиетіне тән діни дастандардың алғашқыларынан бірі саналатын атауы белгісіз бір мәснәуидің «Ашабы кехф» деген бөлімінде «Ашабы Кеһфтің» шауған ойнағаны жайлы баяндалады. Мәтіннің қазақша аудармасы: «*Алты бауыр зындан ішінде тұрды. Ұйықтағанда Иемлиха бір түс көреді. Көрген түсінде екі ұл бала келеді, бұлар бұнда шауғаны барды. Иемлиха оянды көрді, кім келгенін көрген түсі бұларды айтты. Алтысы да түрегелді. Иар білер, басқа ешкім білмес, кім естір, алты бауыр шобанмен сегіз болды*» [10, 84-114].

XIV ғасырдағы мәснәуилерден Месуд бин Ахмедтің «Сүһейл-Нев-бахар» деген дастанында бір бәйітте айтылады [11, 64-65].

Қабус-намада 15 ғасырда түрікшеге аударған Мержимек Ахмед, он тоғызыншы бөлімінде шауған жайлы жазылған, мәтіннің қазақша аудармасы: «*Шауған ойнау халін баяндайды*» деген бөлімінде шауған туралы төмендегідей мәлімет берілген. Бұл хикаяда: «*Ей бауыретім, егер шауған ойнау туралы білгің келсе, анда-санда бір ойна, үнемі әдеттенбе. Шауған ойынында тыныштық жоқ, бастан аяқ шауған ойнау бәле және қаза. Қаза болатыны аттан аударылу және шауған тиіп сүйек сыну бас жарылу көз шығу секілді. Ей ұлым, егер жылда бір кез көңіл көтеру үшін шауған ойнауға шықсаң болады. Онда да атты көп болмасын, ойнағандар бір біріне қақтығысып, сүрінбесін. Шауған ойнағандар сегіз аттыдан артық болмасын.*

Сен алаңның бір басында тұр, және бір кісі екінші басында тұрсын. Алты кісі ортада, үшеуі бір жаққа ұрсын, допты үшеуі екінші жаққа ұрсын, саған келген кезде ұстап қал, доп және шауған ұрғаныңа сенімді бол. Доп саған келгенде кері қайтара алатындай бол. Сен сыртқа шық араға кірме, шауғаннан зақымданбайтыныңа сенімді бол [10, 84-114].

15 ғасырда Алишер Науаи парсы шаиры Фериддун Аттардың «Мантыккут-таир» еңбегіне назира ретінде жазған «Лисанут-таир» шығармасында «шауған» туралы жазады. «*Атланып бир күн темача қылғалы Көнли мүлки сеуридин ачылғалы кирди афет салғалы мейдан ара алды гердун еуирини жейлан ара ат чапып мейданда чевган ойнады халк бачын итип жан ойнады*» [3, 214].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, мақалада «Поло» ойынының пайда болуы, әлемге таралуы және оның прототипі «Чауған» жөнінде түркі халықтарының ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген қаһармандық дәстүрдің мұрасы екендігі жайлы пікірлер қамтылды.

Түркі халықтарының адамзат тарихындағы рөлі мен мыңдаған ғасырлық жылқымен байланысты дамыған мәдениетінде маңызды рөл ойнайтын «Полоға» ұқсас ат спорт ойыны «Шауған» жайлы тарихи, әдеби жазба мәтіндердегі деректер келтірілді.

Мақалада түркілердің көне дәуірден бері қаһармандық дәстүр мирасы саналатын «Шауғанның» батыста «Поло» атауымен танымал ат спорты ойынының тарихи прототипі екендігін түркі халықтарына ортақ маңызды бастау деректерді келтіру арқылы дәлелдеп, бүгінгі күнімізде де жандандырылуы керектігі пікірі ортаға қойылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Түркмен Мехмет, «Дүнден бугүне түрк топлумларында чевген/чөген/чевган/поло ойынына генел бакыш», түрк дүниасы араштырмалары, сайы:183(2009). – с. 479-492. <https://www.researchgate.net/publication/319482822>
- 2 (<http://www.Hickoksports.com/history/polo01.shtm> (21.03.2009); J.A.Cuddor, *International Dictionary offre-Thirteenth century Turkish*, Oxford-London, 1979, pp. 203-204.)
- 3 Пала Искендер, «Анстиклопедик диван шири сөзлүгү», II, Күлтүр Ваканлығы иаиынлары, 1018. – Анкара, 1989. – с. 214.
- 4 Девелиоғлу, Османлыжа-түркче анстиклопедик лүғат, Анкара, 13 баскы. – 1996.
- 5 Өгел Б, Түрк күлтүр тарихине гирич, ТКАЕ. II. С. – Анкара, 1987. – 8.
- 6 Уғырлы М., «Миниәтүл-ғузат», (Күлтүр ве туризм баканлығы иаиынлары, Анкара, 1987. – с. 73-75.
- 7 Диуани лүғат-ит-түрк тержүмесі, 1-том, 3-баскы. Чевирен Бесим Аталай. Түрк тарих куруму басымеви. – Анкара, 1992. – 223-224, 402, 405.
- 8 Құтадғу Біліг, (һаз. Р.Р.Арат), I. Мәтін, 3-баскы. – Анкара, 1991. – 27 б.
- 9 Көпрүлү Ф, «Едебиат Араштырмалары», «Өтүкен». – Истанбул, 1989. – 315 б.
- 10 Ейдуран Айсун, Түрк Күлтүрү ве едебиатында чевган ойуну, 2009. – с. 84-114, <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/670594>
- 11 Гүвен Ө-Аян Д, «Едеби метинлерде поло/чевган», Ататүрк, күлтүр дил ве тарих иүксек куруму бүлтени, с. IX. сайы 26-27, ожак-маиыс 1996. – 64-65.
- 12 Ерсан Мехмет, «Түркие селжүклуларында девлет ерканынын егленже хаяаты», Тарих инжелемелер дергиси, Жилт XXI. Саиы 1, 2006. – 73-106. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/egetid/issue/5052/68862/et>
- 13 Ауелбекова Ш., «Мүниәтүл-ғузат» қаһармандық дәстүр мұрасы – Алматы, 2017. – 328 б.

Материал 05.05.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Turkmen, M. (2009), “Dunden bugune Turk toplumlarinda cevgen/cogen/cevgan polo oyununa genel bakis”, Turk dunyasi arastirmalar dergisi, sayi.183, s 479-492.available at:<https://www.researchgate.net/publication/319482822>
- 2 Cuddor, J.A. (1979), “*International Dictionary offre-Thirteenth century Turkish*”, Oxford-London, pp. 203-204.available at:<http://www.Hickoksports.com/history/polo01.shtm>. asp (Accessed 21.03.2009)
- 3 Pala, I. (1989), *Ansiklapedik Divan shiiri sozlugu-II*,Kultur Bakanligi yayinlari, 1018, Ankara, Turkiya.
- 4 Develioglu, F. (1996), *Osmanlica-Turkce ansiklopedik lugat*, Ankara, Turkya.

- 5 Ogel, B.(1987), *Turk kultur tarihine girish*, TKAЕ. II. С. Ankara, Turkiya.
- 6 Ugurlu, M.(1987) *Minyatul-guzat*, kultur ve turizm bakanligi yayinlari, Ankara, Turkiya.
- 7 Atalay, B. (1992), *Diواني lugat-it-turk terjumesi*, 1-том, 3-baski. Turk tarihkurumubasimevi, Ankara, Turkiya.
- 8 Arat, R. (1991), *Kutatgu Bilig*, I. Metin, 3-baski, Ankara, Turkiya.
- 9 Koprulu, F. (1989), *Edebiyat Arashtyrmalari*, Otuken, Istanbul, Turkiye.
- 10 Eydurаn, A. (2009), Turk kulturu ve edebiyatinda cevgan oyunu, s.84-114, available at: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/670594>
- 11 Guven, O.andAyan, D. (1996) “Edebi materyalde polo/cevgan”, Ataturk, kultur dil ve tarih yuksek kurumu bulteni, с. IX. sayi 26-27, ocak-mayis с.64-65.
- 12 Ersan, M. (2006) “Turkiye Selcuklularinda devlet erkaninin eglence hayati”, Tarih incelemeler dergisi, cilt XXI. sayi 1, 73-106. available at:<https://dergipark.org.tr/tr/pub/egetid/issue/5052/68862/et>
- 13 Auyelbekova, Sh. (2017), *Muniyatul-Guzat kaharmandik dastur murasi*, Алматы.

Игра Шауган – наследие традиции героизма

Ш.Е. Ауелбекова

Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, 040900, Республика Казахстан

В статье приведены сведения об истории развития игры шауган, которая считается прототипом конно-спортивной игры «Поло». Игра «Шауган» имела важную роль в культуре тюркских народов, это доказано благодаря общим историческим, литературным и письменным данным. Так же отмечается, что названия «Шауган», «чюген», «чевган» использовались в исторических и литературных текстах.

Эта игра известна на Западе под названием «Поло», Шауган является историческим прототипом данной конно-спортивной игры. В статье выражена идея возобновления игры «Шауган» посредством исследования первоисточников, которая является общим наследием древних традиции героизма для всех тюркских народов.

Материал поступил в редакцию журнала 05.05.2021

Game Shaugan – heritage of traditional heroism

S. Auyelbekova

Suleyman Demirel university, Kaskelen, 040900, Republic of Kazakhstan

The article contains information about the history of the game Shaugan, which is considered as the prototype of the equestrian sports game "Polo". According to historical, literary and written data, the game "Shaugan" had an important role in the culture of the Turkic peoples. It is also noted that the names "Shaugan", "chyugen", "chevgan" were used in historical and literary texts.

This game is known in the West as "Polo" and Shaugan is the historical prototype of this equestrian sports game. The article expresses the idea of resuming the game "Shaugan" through the study of primary sources, which is a common heritage of the ancient traditions of heroism for all Turkic peoples.

Received: 05.05.2021